

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
«AMANAT» партиясы  
фракциясының депутаттарына**

2022 жылғы 25 мамырдағы  
№ ДС-187 хатқа

**Құрметті депутаттар!**

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесіне қатысты сіздердің сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

2022 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша МӘМС жүйесіне қатысушылардың саны 15,8 млн адамды құрайды, бұл Қазақстан Республикасы халқының жалпы санының 82,6%. Сақтандырылмағандардың саны 3,3 млн адам (17,4%), олардың 70%-дан астамы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды, оларды ресмилендіру және экономикаға тарту мәселесін шешумен мемлекет көптеген жылдар бойы айналысып келеді.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Парламентінде «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сақтандырылмаған адамдардың жарналарды 12 айға алдын ала төлеуі арқылы МӘМС-ке тартудың барынша қолайлы тетігін көздейтін түзетулер енгізу мәселесі қаралуда (қолданыстағы заңнамада медициналық көмекке жүгінген күннің алдындағы 12 ай үшін жарналарды төлеу талап етіледі).

Сақтандырылмағандардың шамамен 30%-ы осы тетікті пайдаланады деп болжанады. Бүгінгі таңда бірыңғай жиынтық төлем (бұдан әрі – БЖТ) төлеушілерде алдағы 3 айға жарна төлеу арқылы МӘМС жүйесінде медициналық көмек алу мүмкіндігі бар.

Сонымен бірге Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі онлайн-платформалар (Яндекс, Uber, Wolt, Glovo және т.б.) арқылы жұмыс істейтін адамдарды қолдау шаралары бойынша пилотты іске қосты, оның алдын ала нәтижелері осы жылдың соңына қарай ұсынылатын болады.

МӘМС енгізу медициналық көмекті қаржыландыруды 80%-ға арттыруға және медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

2019 жылмен салыстырғанда:

консультациялық-диагностикалық қызметтер 1,5 есеге (*амбулаториялық қызметтерді және жоспарлы операцияларды күту уақытын едәуір қысқартуға мүмкіндік берді*);

жоғары технологиялық қызметтерді қолдану 2 есеге;

күндізгі стационарларда оңалтудан өткендердің саны 2 есеге;

медициналық оңалту бойынша тәуліктік стационар жағдайында емделген жағдайлар 33%;

стационарлық көмек бойынша 24%;

стационарды алмастыратын көмек 29%;

экстракорпоралдық ұрықтандыруды жүргізуге көрсетілетін қызметтер 7,7 есеге (*2021 жылы 7000 қызметке дейін*) ұлғайды.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының (*бұдан әрі – Қор*) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (*бұдан әрі – ТМККК*) және (немесе) МӘМС шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алу және төлеу, медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің есебін жүргізу, медициналық қызметтер сапасының сыртқы сараптамасы жөніндегі функциялары заңнамалық түрде бекітілген және Қор ТМККК көлемін жоспарлауды, медициналық қызметтерге ақы төлеудің әдістері мен тарифтерді әзірлеуді жүргізеді.

Көлемді жоспарлау және тарифтерді әзірлеу жөніндегі функциялар медициналық қызметтерді сатып алу бойынша бірыңғай циклдік процестің компоненттері болып табылады.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Қордың ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде стратегиялық сатып алушы ретіндегі, оның ішінде медициналық қызметтерді жоспарлау, сатып алу, мониторингілеу, төлеу жөніндегі қолданыстағы функцияларын сақтауды орынды деп санаймыз.

Медициналық көмектің қолжетімсіздігі қаупін болдырмау және медициналық қызметтер көрсетуді әкімшілендіруді оңайлату мақсатында Денсаулық сақтау министрлігі Қормен бірлесіп медициналық көмекті қаржыландыру бойынша тәсілдерді өзгертуді көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы тұжырымдамасының жобасын әзірледі.

Денсаулық сақтау министрлігі Қормен бірлесіп:

медициналық қызметтер көлемін тиімді жоспарлау мен орналастыруды, медициналық көмек сапасын басқарудың тиімді құралдарын енгізу арқылы қызметтер сапасы мен көлемінің индикаторларына қол жеткізу ескере отырып, ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде қызметтерді сатып алу мен төлеуді қамтамасыз ету;

медициналық қызметтердің сапасы мен сервисін арттыру, инвестицияларды ынталандыру мақсатында тариф белгілеуді жетілдіру (*негізгі құралдарды жаңартуға арналған шығыстарды қосу*);

халықтың медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасына қанағаттануын тұрақты өлшеу;

Қордың e-Health интеграцияланған жеке ақпараттық жүйесін құру арқылы Қордың барлық функцияларын іске асыру жөніндегі процестерді цифрландыру; халықты сапалы медициналық қызметтермен қамтамасыз ету мәселесінде үкіметтік емес пациенттік және кәсіби қауымдастықтармен өзара іс-қимылды күшейту бойынша жұмыс жүргізуде.

МӘМС мәселесі Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**Ә. Смайылов**

Орындаушы: Қоскелдінова Ш.  
Тел. 750013